

СӨЖ

Тақырыбы: “Лимфа айналымының бұзылуы: лимфа түзілуінің бұзылуы. Лимфедема, лимфостаз, лимфоррея”

Орындаған: Куликбаева А. С.

203 топ ЖМФ

Тексерген: Стабаева Л. М.

Қарағанды 2012ж.



Жоспар:

Кіріспе.

Негізгі бөлім:

1. Лимфа айналымының бұзылуы.
 - А) Классификация.
 - В) Морфологиялық көріністері.
 - С) Бастапқы көріністері.
3. Лимфедема.
4. Лимфостаз.
5. Лимфоррея.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе.

Лимфа жүйесі – қан мен ұлпа аралығында метоболизімнің тепе – теңдігін қамтамасыз ететін жасушааралық сұйықтық құрамындағы су, тұз, белок, липид алмасуы кезінде пайда болған әр түрлі заттардың, микроб т.б. заттардың қан арнасына, дәлірек айтсақ, вена жүйесіне өтуін қамтамасыз етеді, яғни қосымша дренаждық қызмет атқарады.

Лимфа айналымының бұзылуы.

Лимфа жүйесінің қызметінің бұзылуы қан айналым бұзылуымен тығыз байланысты. Лимфа айналымының бұзылуында негізгі себептері *лимфа жеткіліксіздігі* және *лимфостаз*.

Лимфа
жеткіліксіздіг
ің
классификаци
я

Механикалық

динамикалық

резорбциялық

Механикалық жеткіліксіздік

Механикалық жеткіліксіздік лимфа ағысына кедергі жасап, оны іркілтетін факторлардың әсерінен дамиды. Оларға:

- Лимфа тамырларының қысылуы мен бітелуі,
- Рак клеткаларымен,
- Көкірек өзегі мен лимфа түйіндерін экстрипациялау,
- Лимфа тамырлары қақпақшаларының жеткіліксіздігі

Динамикалық жеткіліксіздік


- Динамикалық жеткіліксіздік капиллярдағы фильтрацияның үдеуінен пайда болады. Мұның салдарынан лимфа тамырлары сусінділік сұйықтарын интерстицийден шығарып үлгермейді. Яғни лимфа тамырының ағызу мөлшері қарағанда жасуша аралық сұйықтық жиналу мөшерінің көп болуы. Ол негізінен қабынумен немесе аллергиялық реакциямен тығыз байланысты.

Резорбциялық жеткіліксіздік

- Лимфа жүйесінің резорбциялық жеткіліксіздігі ұлпалар белоктарының биохимиялық дисперсиялық қасиеттер өзгеріп немесе лимфа капиллярларының өткізгіштігі бәсеңдеп, ұлпаларда сұйықтықтардың іркілуі өрістейді.

Морфологиялық көріністері

- Лимфа айналымы жеткіліксіздігінің өзіне тән морфологиялық ерекшеліктер болады. Пайда болуы белгілі бір түріне байланысты болады. Олардың жүру сатылары:



Бастапқы көріністері

Лимфаның іркілуі мен лимфа тамырларының кеңеюі лимфа ағысы бұзылуының бастапқы көріністері болып табылады. Лимфаның іркілуі өрши берсе, лимфа жүйесінің бейімделуі мен компенсациялық мүмкіндіктері жеткіліксіз болып қалады. Онда капиллярлар мен тамырларды лимфа кернеп олар жұқарып, кеңейген қуыстарға айналады. Лимфаны алып кететін тамырлардың біразы шодырая кеңейеді, яғни лимфедема байқалады.

Лимфедема

- Лимфедема (гркше: oídao – ісінемін).
Лимфедема жергілікті және жалпы болуы мүмкін.



Лимфедема



Лимфедема жіктелуі

Жергілікті

1. Жедел
2. Созылмалы

Жалпы

1. Жедел
2. Созылмалы

Жергілікті жедел лимфедема

- Жергілікті жедел лимфедема ол сол белгілі бір жердегі лимфа тамырының тығындындалып қалуынан немесе операция кезінде байлап қойғандықтан болуы мүмкін. Оның біразы қайтымды; коллатеральдық лимфа айналымы қалыптасуымен лимфа ағысы қалпына келеді.

Жергілікті созылмалы лимфедема

Жергілікті созылмалы лимфедеманың тума және жүре пайда болған түрлері болады.

- Тума түрі аяқтың лимфа тамырларының гипоплазиясынан немесе аплазиясынан болуы мүмкін.
- Жүре пайда болатын түрі лимфа тамырларының қысылуынан, веналардың тромбозынан, созылмалы ағымды қабынудан дамиды.

Осының солдарынан тіндерде гипоксия дамуы мүмкін.

Лимфедема



Жалпы жедел лимфедема

Жалпы жедел лимфедема сирек кездеседі. Мысалы ол бұғана асты венасының екі жақты веналық тромбозында кездеседі. Осының салдарынан сыңар венада қысым жоғарылайды, кеуде түтігінде ретроградты тұнба дамиды және клеткаларда дистрофиялық өзгерістер әсерінен некрозда дамуы мүмкін.

Жалпы созылмалы лимфедема

Ол негізінен созылмалы веналық толыққандылық кезінде дамиды. Осының салдарынан созылмалы гипоксия дамып, ол органдарда, тіндерде дистрофиялық, атрофиялық және склералық өзгерістер пайда болуы мүмкін.

Лимфедема



Лимфедема салдарлары

Лимфедема дамыған салдарынан лимфа тамырларында белок коагулянттары түзіліп, сонымен қатар лимфа капиллярлары мен тамырларының өткізгіштігі артып, тіпті олар жыртылып, лимфоррея (лимфоррагия) байқалады. Осы лимфедема асқынып лимфалық стаз яғни лимфостаз және белокты тромб түзілуі мүмкін.



Лимфостаз

- Ол лимфа жүйесінің жеткіліксіздігінен, лимфа ағуының тоқтауы. Оның жергілікті және жалпы түрлері болады.



Лимфостаз

Жергілікті

Ол жергілікті веналық гиперемия және жергілікті лимфа тамырының ісіктермен қысылуы кезінде пайда болады.

Жалпы

Жалпы лимфостаз жалпы веналық тұнба кезінде пайда болады. Соның салдарынан лимфа және қан арасындағы қысым төмендейді.

Лимфоррея

- Лимфоррея лимфа қоршаған ортаға ағатын сыртқы лимфорреяға және лимфа ұлпалары мен іш қуыстарына құйылатын – ішкі лимфорреяға жіктеледі.



Ішкі лимфоррея

Хилездық асцит

Хилоторакс

Хилездық асцит

- Іш қуысының органдарына лимфаның асқынған веналық іркілуінен немесе ішек пен шажырқайдың лимфа тамырларының зақымдалуынан іш қуысына хилездық сұйықтық (құрамында май көп лимфа) жиналуы.



Хилоторакс

- Көкірек лимфа өзегінің тромбпен бітелуінен немесе ісікпен қысылуынан хилездық сұйқтықтың кеуде қуысына жиналуы.



Емдеу шаралары

- Физикалық белсенділікті дамыту
- Арнайы маздар, медикаменттер
- Жылы шұлықтар
- Массаж

Қорытынды.

Сонымен лимфа айналымының бұзылуы басты себебі – жасушадағы метаболизмнің бұзылуымен тығыз байланысты. Жасушадағы метаболизмнің бұзылуы лимфа жүйесінің жеткіліксіздігімен қоса веналық жүйенің де жеткіліксіздігіне алып келеді. Ал ол өз кезегінде тіндер мен органдарда гипоксиялық жағдай тудырады. Мұның бәрі әр түрлі ауруларға әкеліп соқтырады. Сондықтан салауатты өмір салтын сақтап, жаман әдеттерден аулақ жүру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. www.Google.ru және www.Google.kz
2. А.И. Струков, В.В. Серов “Патологиялық анатомия” аударған Айтқұлов М.Т. Қарағанды 1993ж.
3. Ә. Нұрмахамбетұлы “Патфизиология” Алматы 2007ж.

Назар аударғандарыңызға рахмет!!!

